Тұрғын үйді сатып алу туралы шарт

Атырау облысы №92 «23» қыркүйек 2025 жыл

Бұдан әрі **«Сатып алушы»** деп аталатын " Мақат аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесі, Ереже негізінде әрекет ететін Басшысы Булеков Нурболат Багитжанович атынан бір тараптан және бұдан әрі **«Сатушы»** деп аталынатын Орынғали Ақниет Шыңғалиұлы, 11.02.2000, жылы туған, № 040952618 ҚР ІІМ 29.03.2016 жылы берілген жеке куәлік негізінде әрекет ететін екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп **«Тараптар»** деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) және «23-09-2025» жылғы № 15370675-ЗЖ1 «Тұрғын үй-жайды мемлекеттік сатып алу» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.9 **Сатып алушы** сомасы 40 000 000 (қырық миллион) теңге 00 тиын Атырау облысы, Мақат ауданы, Мақат кенті Бостандық көше №312 тұрғын үйді **Сатушыдан** сатып алды.

1.10 **Сатушы** қосымша құн салығын төлемейтін тұлға болып табылады.

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.21 Шарттың жалпы сомасы 40 000 000 (қырық миллион) теңге нөл тиын) теңгені құрайды.

2.22 Тұрғын үйге (бұдан әрі – Тауар) ақы төлеу тараптардың келісім-шартқа қол қойылған сәттен бастап заңнамаға сәйкес Аудандық әділет басқармасынан меншік иесі (құқық иесі) туралы жөніндегі құжат табысталғаннан кейін жүргізілетін болады.

2.23 Қазынашылықтың аумақтық органында бағдарламаның әкімшісі: 492– « Ауданның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі (облыстық маңызы бар қаланың)». Бағдарлама:004 – «Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету». Кіші бағдарлама: 028 – «Облыстық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен». Ерекшелік: 412 – «Үй-жайлар, ғимараттар мен құрылыстарды, беру қондырғыларын сатып алу».

2.24Сатып алушытұрғын үйді қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Сатушының есеп шотына ақшалай қаражат аудару іс жүзінде жүргізіледі.Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.25 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар:

5) Меншік иесі (құқық иесі) туралы мәліметтер.

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Сатушы мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға тұрғын үйдің сәйкестігін қамтамасыз етуге;

3) Сатып алушының алдын ала жазбаша келісімінсіз Сатып алушы немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Сатушы тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар

ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

4) Сатып алушының алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

5) Сатып алушының бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

8) Сатушының Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Сатып алушыға толық көлемде өтеуге

3.2 Сатушы:

1) Сатып алушыдан Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

3.3 Сатып алушы:

1) тұрғын үйдің сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Сатушыны жазбаша хабарландыруға;

2) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4 Сатыпп алушы:

1) Тұрғын үйдің сапасын тексеруге;

4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Сатып алушы немесе оның өкілдері тұрғын үйдің техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Сатушы көтереді. Сатып алушы Сатушыны осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде тұрғын үй техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Сатушыны Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Кепілдік. Сапа

5.1 Сатушы осы Шарт шеңберінде Тауардың:

1) тұрғын үйдің ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

2) меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

5.2 Тауардың кепілді кезең Тауар Сатып алушы мен Сатушы арасында жасақталған шарт күшіне енген күннен бастап 36 (отыз алты) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Тауар ақауларын жоюға байланысты барлық шығыстарды Сатушы көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Сатушының кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.

5.3 Кепілдік мерзімі тұрғын үйді тапсырыс беруші қабылдаған күннен бастап – 5 жыл.

6 Тараптардың жауапкершілігі

6.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

6.2 Сатушы тұрғын үйді Сатып алушыға толықтай табыстау мерзімін өткізіп алған жағдайда, Сатып алушы Сатушыдан ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі

өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

6.3 Сатушы Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, күнтізбелік он бес күннен аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

6.4 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

6.5 Сатушы толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

7.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2025-12-31 дейін қолданылады.

7.2 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 6.3-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Сатушы Шартта көзделген мерзімде немесе Сатып алушы ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Сатушы өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

7.3 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуының анықталуы;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Сатушыға Заңда көзделмеген қолдауды көрсету;

7.4 Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

8 Хабарлама

8.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

8.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

9 Даулы мәселелерді шешу

9.1 Сатып алушы мен Сатушы беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

9.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Сатып алушы мен Сатушы Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

10 Өзге де шарттар

10.1 Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

10.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

10.3 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

12.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

11 Реквизиттер

Сатып алушы:
" Мақат аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі
Атырауская область, Макатский район, п.Макат, С.Мукашев, 36
БСН 001240003608
БСК KKMFKZ2A
ЖСК KZ36070103KSN1507000
"ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" РММ
Тел.: 87123931512
Басшысы Булеков Нурболат Багитжанович

_____ (қолы)

Сатушы:
Орынғали Ақниет Шыңғалиұлы
Жеке куәлік № 040952618, 29.03.2016 ж. ҚР ІМ берілген
Атырау қаласы, Абай Құнанбаев көшесі 1Б үй
БСН/ЖСН 000211550353
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ036010002050655641
АО "Народный Банк Казахстана"
Тел.: +7 776 273 85 73
Жеке тұлға

_____